

ISSN (Print) 2616-6895
ISSN (Online) 2663-2497

ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОГО
НАЦИОНАЛЬНОГО
УНИВЕРСИТЕТА
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

BULLETIN
of
L.N. GUMILYOV
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы
PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series
Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

№ 1 (130)/2020

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020
Nur-Sultan, 2020
Нур-Султан, 2020

Бас редакторы
Г.Ж. Менлибекова,
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары
(психология)

А.Р. Ерментаева, п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары
(әлеуметтану)

Н.О. Байғабылов, PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Есенғалиева А. М.	п.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Иванова Г.П.	п.ғ.д. (Ресей)
Исламова З.М.	п.ғ.к., доцент (Ресей)
Калдыбаева О.В.	PhD (Қазақстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Отар Э. С.	PhD (Қазақстан)
Сейтқазы П.Б.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Сунарчина М.М.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Толубекова Р.К.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Уразбаева Г.Т.	п.ғ.д., доцент (Қазақстан)
Хан Н.Н.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	э.ғ.д., проф. (Түркия)
Шайхисламов Р.Б.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалғынбаева Қ.Қ.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген: Ә. С. Жұматаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген. 27.03.18 ж. № 17001-
Ж -тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 30 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500
(ішкі 31410)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief
Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof.(Kazakhstan)
G.Zh.Menlibekova

Deputy Editor-in-Chief (psychology) **A.R. Yermentayeva**, Doctor of Psychological Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (sociology) **N.O. Baigabylov**, PhD in Sociology (Kazakhstan)

Editorial board

Esengalieva A.M	Can. of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Ivanova G.P.	Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)
Islamova Z.M.	Can. of Pedagogical. Sciences, Assoc.Prof. (Russia)
Kaldybayeva O.V.	PhD (Kazakhstan)
Otar E.S.	PhD (Kazakhstan)
Koleva I.	Dr. (Bulgaria)
Seytkazy P.B.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Sunarchina M.M.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Toleubekova R.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Urazbayeva G.T.	Doctor of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Khan N.N.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Hayati Tufekcioglu	Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)
Shaikhislamov R.B.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Shalgynbayeva K.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Editorial address:2, Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
L.N.Gumilyov Eurasian National University
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Responsible secretary, computer layout: A.S.Zhumatayeva

Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series
Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.
Registration certificate No. 17001-Ж from 27.03.18
Periodicity: 4 times a year
Circulation: 30 copies
Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31410)

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор
д.п.н., профессор
Г.Ж. Менлибекова (Казахстан)

Зам. главного редактора
(психология)

А.Р. Ерментаева, д.пс. наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора
(социология)

Н.О. Байгабылов, PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Есенгалиева А. М

к.п.н., доцент (Казахстан)

Иванова Г.П.

д.п.н. (Россия)

Исламова З.М.

к.п.н., доцент (Россия)

Калдыбаева О.В.

PhD (Казахстан)

Колева И.

докт. (Болгария)

Отар Э. С.

PhD (Казахстан)

Сейтказы П.Б.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Сунарчина М.М.

д.с.н., проф. (Россия)

Толубекова Р.К.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Уразбаева Г.Т.

д.п.н., доцент (Казахстан)

Хан Н.Н.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Хаяти Тюфекчиоглу

д.с.н., проф. (Турция)

Шайхисламов Р.Б.

д.с.н., проф. (Россия)

Шалгынбаева К.К.

д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, каб. 402,

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)

E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Ответственный секретарь, компьютерная верстка: А. С. Жуматаева

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.

Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство № 17001-Ж от 27.03.18 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 30 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31410)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

<i>Аипова А.К.</i> Этникалық сана-сезімнің құрылымы мен мәні	8
<i>Албытова Н.П.</i> Білім алушының қауіпсіз және жайлы білім беру ортасы	19
<i>Аманова А.К., Сармурзин Е.Ж.</i> Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі: мәні мен қалыптастыру мүмкіндігі	25
<i>Аширова Ж.У., Жолдасбекова С.А.</i> Колледждің мәдени және білім беру ортасында студенттердің құқықтық мәдениетін оқыту принциптері	31
<i>Балтабаева Ж.Б., Абибулаева А.Б.</i> Табыс факторларының оқу кешеніндегі стратегиялық басқаруына әсері	38
<i>Гриценко А.П.</i> Болашақ «Тарих» пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістерін анықтауда мультимедиялық технологияларды қолдану	45
<i>Джантасова Д.Д., Тентекбаева Ж.М.</i> ЖОО студенттерінің көптілді білім алуы мәдениетаралық қарым-қатынастың тиімділік факторы ретінде	53
<i>Жилбаев Ж.О., Наурызбай Ж.Ж., Паевская Е.В.</i> «Мәңгілік Ел» құндылықтарының педагогикалық негіздері	59
<i>Изотова А.С., Тулегенова М.К.</i> Техникалық жоғары оқу орындары студенттерінің өзіндік жұмысы кезінде Edmodo платформасын қолдануы	68
<i>Кабылова М.С., Абишев Н.А.</i> Педагогикалық кадрларының кәсіби қызметін ғылыми ұйымдастыру	75
<i>Құрманбаева Д.Қ.</i> Шет тілі сабақтарында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын жетілдіру	83
<i>Менлибекова Г.Ж., Дальбергеннова Л.Е., Ахметова А.Ж.</i> Сахналық ойын жоғары оқу орнында шет тілін оқытудың инновациялық әдісі ретінде	89
<i>Нурбекова Ж.К., Байғушева Б.М.</i> Цифрлық дидактиканың қалыптасуына білім берудің цифрлық трансформациясының әсері	96
<i>Рахимжанова М. М., Бигарстанова К. К.</i> ЖОО студенттерінің экологиялық санасын дамытудың әлеуметтік-педагогикалық шарттары	102
<i>Стамбекова А.С.</i> «Бастауышта көптілді оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша модульдік білім беру бағдарламасының ерекшелігі	115
<i>Трапицын С.Ю., Туякова У.Ж., Орынбекова А.С.</i> Мемлекеттің әлеуметтік және білім беру саясатын жүзеге асырудың заманауи мәселелері	121
<i>Шалғынбаева Қ.Қ., Махадиева А.К., Бекир Булuch.</i> Отбасылық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерді әлеуметтік-педагогикалық оңалту жүйесі	128
<i>Шуиншина Ш.М., Альпеисов Е.А., Тұяқов Е.А., Дюсов М.С.</i> Қазақстанның жаратылыстану-математикалық білім саласының дамуы туралы	139

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Абенова К.А., Амирбекова Г.Е.</i> Аутизм синдромды балалардың қоғамға бейімделу мүмкіндіктері және «Асыл Мирас» аутизм орталығының тәжірибесі	148
<i>Ибраимова А.Б., Ерментаева А.Р.</i> Жеткіншектік жастағы психологиялық дамудың теориялық негіздері	159
<i>Кривицова Т.М.</i> Дағдарыс жағдайларындағы жыныс-жастық мінез-құлықтың ерекшеліктері	168
<i>Стельмах С.А., Мацкевич И.К., Дергачева Е.В., Барабанова Е.И.</i> Пропедевтика инклюзии для детей с тяжелыми психоневрологическими расстройствами: возможности аудиотренировок по методу А. Томатис	177
<i>Тенкебаева А.З., Иманбекова Г.Б.</i> Студенттердің денсаулығын сақтаудағы психологиялық сүйемелдеу мәселелері	190

ӘЛЕУМЕТТАНУ

<i>Байгабылов Н.О., Мұсабаева А.Б.</i> Қазақстандық өзбектер: өзбек жасөспірімдерін әлеуметтанулық зерттеу	196
<i>Мустафина А.С., Амитов С.А.</i> «Perceived Social Support Scale» сауалнамасын бейімдеу: ішкі келісімділік және факторлық талдау	206

CONTENTS

PEDAGOGY

<i>Aipova A.K.</i> The Structure and the Essence of the Ethnic Identity	8
<i>Albytova N.P.</i> Safe and comfortable educational environment of a learner	19
<i>Amanova A.K., Sarmurzin Y. Zh.</i> Professional competence of future educational psychologists: its essence and formation possibilities	25
<i>Ashirova Z.U., Zholdasbekova S.A.</i> Principles of education of the legal culture of students in the cultural and educational environment of college	31
<i>Baltabayeva Zh.B., Abibulayeva A.B.</i> The impact of success factors on the strategic management in an educational complex	38
<i>Hrytsenko A.P.</i> Determine the methods of forming the professional competence of future history teachers using multimedia technologies	45
<i>Jantassova D.D., Tentekbayeva Zh.M.</i> Multilingual education of university students as a factor of cross-cultural communication efficiency	53
<i>Zhilbayev Zh.O., Nauryzbay Zh.Zh., Payevskaya E.V.</i> Pedagogical principles of values of «Mangilik El»	59
<i>Izotova A.S., Tulegenova M.K.</i> Use of the Edmodo platform in the students' independent work at technical university	68
<i>Kabylova M.S., Abishev N.A.</i> Scientific organization of Pedagogical staff professional activities	75
<i>Kurmanayeva D.K.</i> Improving critical thinking in students in foreign language classes	83
<i>Menlybekova G.Zh., Dalbergenova L.E., Akhmetova A.Z.</i> Stage game as an Innovative Approach of Teaching a Foreign Language in Higher Educational Institutions	89
<i>Nurbekova Zh.K., Baigusheva B.M.</i> The Impact of Digital Transformation of Education on the formation of Digital Didactics	96
<i>Rakhimzhanova M. M., Bigarstanova K.K.</i> Socio-pedagogical conditions for the development of environmental awareness of university students	102
<i>Stambekova A.S.</i> Features of the modular educational program in the specialty «Pedagogy and methodology of primary education with multilingual training»	115
<i>Trapitsyn S.Yu., Tuyakova U.Zh., Orynbekova A.S.</i> Modern problems of the implementation of social and educational policy of the State	121
<i>Shalgynbayeva K.K., Makhadiyeva A.K., Bekir Buluç.</i> Socio-pedagogical system of rehabilitation of women victims of domestic violence	128
<i>Shuinshina S., Alpeissov Y., Tuyakov Y., Dyussov M.</i> On the development of natural-mathematical education in Kazakhstan	139

PSYCHOLOGY

<i>Abenova K.A., Amirbekova G.Y.</i> Opportunities to adapt for children with autism syndrome in society and the experience of center «ASYL Miras»	148
<i>Ibraimova A.B., Yermentayeva A.R.</i> Theoretical foundations of psychological development of adolescence	159
<i>Kravtsova T. M.</i> Age and gender features of behavior in crisis situations	168
<i>Stelmakh S.A., Matkevich I.K., Dergacheva Ye.V., Barabanova E.I.</i> Propaedeutics of inclusion for children with severe neuropsychiatric disorders: the possibility of audio training by the method of A. Tomatis	177
<i>Tenkebaeva A.Z., Imanbekova G.B.</i> Problems of psychological support in the protection of students' health	190

SOCIOLOGY

<i>Baigabylov N.O., Mussabayeva A.B.</i> Uzbeks in Kazakhstan: sociological research on Uzbek youth	196
<i>Mustafina A.S., Amitov S.A.</i> Adaptation of the questionnaire's "Perceived Social Support Scale": internal consistence and factor analysis	206

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

<i>Аипова А.К.</i> Структура и сущность этнического самосознания	8
<i>Албытова Н.П.</i> Безопасная и комфортная образовательная среда обучающегося	19
<i>Аманова А.К., Сармурзин Е.Ж.</i> Профессиональная компетенция будущих педагогов-психологов: ее сущность и возможности формирования	25
<i>Аширова Ж.У., Жолдасбекова С.А.</i> Принципы воспитания правовой культуры студентов в культурно-воспитательной среде колледжа	31
<i>Балтабаева Ж.Б., Абибулаева А.Б.</i> Влияние факторов успеха на стратегическое управление в образовательном комплексе	38
<i>Гриценко А.П.</i> Определение методов формирования профессиональной компетентности будущих учителей истории с использованием мультимедийных технологий	45
<i>Джантасова Д.Д., Тентекбаева Ж.М.</i> Полиязычное образование студентов вуза как фактор эффективности межкультурного общения	53
<i>Жилбаев Ж.О., Наурызбай Ж.Ж., Паевская Е.В.</i> Педагогические основы ценностей «Мәңгілік Ел»	59
<i>Изотова А.С., Тулегенова М.К.</i> Использование платформы Edmodo при самостоятельной работе студентов технического вуза	68
<i>Кабылова М.С., Абишев Н.А.</i> Научная организация профессиональной деятельности педагогических кадров	75
<i>Қурманаева Д.К.</i> Совершенствование критического мышления у обучающихся на занятиях иностранного языка	83
<i>Менлибекова Г.Ж., Дальберженова Л.Е., Ахметова А.Ж.</i> Сценическая игра как инновационный метод обучения иностранному языку высших учебных заведений	89
<i>Нурбекова Ж.К., Байгушева Б.М.</i> Влияние цифровой трансформации образования на формирование цифровой дидактики	96
<i>Рахимжанова М.М., Бигарстанова К.К.</i> Социально-педагогические условия развития экологического сознания студентов вуза	102
<i>Стамбекова А.С.</i> Особенности модульной образовательной программы по специальности «Педагогика и методика начального обучения с полиязычным обучением»	115
<i>Трапцын С.Ю., Туякова У.Ж., Орынбекова А.С.</i> Современные проблемы реализации социальной и образовательной политики государства	121
<i>Шалғынбаева Қ.Қ., Махадиева А.К., Бекир Булuch.</i> Социально-педагогическая система реабилитации женщин пострадавших от домашнего насилия	128
<i>Шунишина Ш.М., Альпеисов Е.А., Туяков Е.А., Дюсов М.С.</i> О развитии естественно-математического образования Казахстана	139

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Абенова К.А., Амирбекова Г.Е.</i> Возможности адаптации для детей с синдромом аутизма в обществе и опыт центра «Асыл Мирас»	148
<i>Ибраимова А.Б., Ерментаева А.Р.</i> Теоретические основы психологического развития подросткового возраста	159
<i>Кравцова Т.М.</i> Половозрастные особенности поведения в кризисных ситуациях	168
<i>Стельмах С.А., Мацкевич И.К., Дергачева Е.В., Барабанова Е.И.</i> Пропедевтика инклюзии для детей с тяжелыми психоневрологическими расстройствами: возможности аудиотренировок по методу А. Томатис	177
<i>Тенкебаева А.З., Иманбекова Г.Б.</i> Проблемы психологического сопровождения в здоровьесбережении студентов	190

СОЦИОЛОГИЯ

<i>Байгабылов Н.О., Мұсабаева А.Б.</i> Узбеки Казахстана: социологическое исследование узбекской молодежи	196
<i>Мустафина А.С., Амитов С.А.</i> Адаптация опросника «Perceived Social Support Scale»: внутренняя согласованность и факторный анализ	206



XFTAP 04.15.31

Н.О. Байғабылов, А.Б. Мұсабаева

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: n.baigabyl@mail.ru, ainurbergenovna@yandex.kz)*

Қазақстандық өзбектер: өзбек жасөспірімдерін әлеуметтанулық зерттеу

Аннотация. Автор мақалада өзбек жасөспірімдерінің болашаққа бағдары қандай? Әлеуметтік белсенділігі қандай деңгейде? Олардың миграциялық көңіл күйі қандай? деген сұрақтарға жауап беру арқылы жаһандану процесі кезінде аталмыш этникалық топ арасындағы дәстүрлі ұстанымдардың өзгеріске ұшырағанын көрсетеді. Жасөспірімдерге әлеуметтанулық талдаудың теориялық негізін К. Мангеймнің жастар әлеуметтануындағы еңбектері құрайды. Сонымен бірге, өзбек этносын зерттеуге арналған әлеуметтанулық және тарихи аспектідегі еңбектерге шолу жасалған.

Зерттеу барысында сандық әдіснама ретінде анкеталық сауалнама қолданылды. Анкеталық сұрау өзбек жасөспірімдері оқитын мектептерде жүргізілген. Ұсынылған зерттеу нәтижелері Қазақстандағы өзбек этникалық тобының ересек өкілдері арасында жүргізілген тереңдетілген сұқбатты толықтырады. Жасөспірімдердің арасында сұрау жүргізу үшін ата-аналарының келісімі алынған. Зерттеу нәтижелерін ұсыну кәсіби этикалық талаптарға сәйкес келеді.

Түйін сөздер: жастар, өзбек жастары, миграциялық көңіл-күй, болашаққа бағдар, әлеуметтік белсенділік.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-130-1-196-205>

Түсті: 26.01.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 30.01.20

Бүгінде Қазақстанның белгілі бір аймақтарында шоғырланып өмір сүретін өзбек этникалық тобына қатысты, соның ішінде, өзбек жасөспірімдерінің болашаққа бағдары қандай? Әлеуметтік белсенділігі қандай деңгейде? Өзбек жастарының миграциялық көңіл күйі қандай? деген сұрақтарды қойған орынды. Осы сұрақтардың жауабын алу үшін құрылымдық деңгейде және күнделікті қарым-қатынас деңгейінде анализ жасау арқылы анықтау мәселесін алға қоямыз.

Жалпы қазақстандық өзбектерге әлеуметтанулық талдау жасамас бұрын, олардың арасынан, ең алдымен, жастарды бөліп аламыз.

XX ғасырдың танымал әлеуметтанушысы Карл Мангейм «жастарды –кез келген қоғамда кездесетін және олардың топтасуына қоғамның өміршендігі тікелей тәуелді болатын жасырын ресурстардың бірі» деп атап өтеді [1].

«Жастар табиғатына қарай прогрессивті, не консервативті емес, ол –кез келген бастамаға дайын – әлеует (потенциал). Жыныстық пісіп жетілгенге дейін бала отбасында

өмір сүреді және оның көзқарастары отбасының эмоциялық және интеллектуалдық дәстүріне сәйкес қалыптасады. Жасөспірімдік кезеңде ол көршілерімен, қоғаммен және қоғамдық өмірдің бірқатар салаларымен байланысқы түседі. Осылайша, жеткіншек, тек биологиялық тұрғыдан ашыту, пісу кезеңінде болмайды, сондай-ақ, әлеуметтанулық тұрғыдан бұрынсоңды көрмеген жаңа әлемге, жоралғыларға, әдеп-ғұрыпқа және құндылықтар жүйесіне тап болады» [1, 444 б.].

Кәмелет жасқа толғанша жасөспірім отбасындағы құндылықтар жүйесін сіңірген таза әлеуметтік ағза бола отырып, қоршаған ортасымен қарым-қатынас барысында әлеуметтену кезінде бойында сіңірген ғадет үлгілерін ұдайы өндіреді.

Негізгі мақсатымыз жоғарыда көрсетілген зерттеу сұрақтарына жауап беру арқылы заманауи Қазақстан Республикасы жерінде бірнеше ұрпақ бойы мекендейтін өзбек этносы жастарының дамуында «өзбектік» мәдениеттің көрінісіне талдау жасау және отбасылық құндылықтардың сақталуын, кәсіби қалауларын, сабақтастықты анықтау болып табылады.

Жалпы Қазақстанда этникалық мәселеге қатысты жұмыстардың басым бөлігі тарихи-салыстырмалы, тарихи-этнографиялық, тарихи-этнологиялық және демографиялық сипат алады. Қазақстандық әлеуметтанушылардың еңбектерінде аталмыш бағыт 1990 жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басында дами бастады. Олардың басым көпшілігі мемлекетте өмір сүретін этникалық топтар еңбек ұжымындағы өзара қарым-қатынас, көші-қон, құқықтық мәдениет, тілдік процестер, ортаға бейімделу, баспасөз құралдарындағы толеранттылық/интолеранттылық дискурсына талдау және т.б. секілді зерттеу тақырыптары аясында көтерілген.

Сонымен бірге, түркі тілдес халықтардың ішінде өзбектерді зерттеуге арналған жұмыстарды Батыс және ресейлік зерттеушілер арасында кеңінен кездестіруге болады. Солардың ішінде социологиялық тұрғыдан маңызды деректер ұсынатын авторлар қатарына ХХ ғасырдың басындағы А.Бартольдтің [2], А.Вамберидің [3], Э.Олворттың [4] еңбектерін атап өтетін болсақ, заманауи зерттеушілердің қатарына М. Ларуэль [5], Л. Адамс [6], М. Камп [7], С.Абашин [8], А.Ильхамов [9], Э. Гечмез [10], А. Ераслан [11] және басқаларының еңбектерін келтіре аламыз.

Ағылшын тарихшысы Эдвард Олворттың «The modern uzbeks» (Қазіргі заманғы өзбектер) еңбегі Стэнфорд университетінің профессоры Уайн С. Вучиничтің айтуы бойынша «... Батыстағы өзбек тарихының әлеуметтік-мәдени динамикасын зерттеген алғашқы үлгісі болып табылады және кеңестік тарихнама мен оның философиялық негізіне және идеологиялық тұсына жан-жақты әрі терең сыни талдау жасаған туынды» [12]. Олворттың пайымдауынша, өзбек халқының Орталық Азиядағы басқа халықтарға қарағанда, басқа этностарды ассимиляциялау қабілеті жоғары болған. Оған себеп: көне қалалардағы білім беру және мәдени жүйенің доминанттығы, өз ареалынан тыс дамыған сауда-саттық каналдары, дін таратушылардың үлкен рухани потенциалы [13].

Марианна Камп «The New Woman in Uzbekistan: Islam, Modernity, and Unveiling under Communism» (Өзбекстандағы әйелдің жаңаша бейнесі: ислам, қазіргі заман және посткоммунистік кезеңде хиджабты шешу) монографиясында нарративті сұқбат әдісімен индивидтің өмір тарихына үңіле отырып, оның трансформациялану процесін ашып көрсетеді. Осылайша, өзбек қоғамындағы ХХ ғасырдың алғашқы жартысын зерттей келе, жаңа әйелдің бейнесінің қалыптасуы туралы құнды деректерімен бөліседі. Оның айтуы бойынша, өзбек әйелінің оқшаулығы, мойынсұнғыштығы, отбасындағы және қоғамдағы төменгі орны секілді дәстүрлі ережелері діннің рөлінің басымдығынан емес, мәдениет және экономикалық фактордың ықпалынан орын алады [7].

Ал америкалық саясаттанушы Лаура Адамс өзінің «The Spectacular State: Culture and National Identity in Uzbekistan» (Эффекті мемлекет: Өзбекстандағы мәдени және ұлттық бірегейлік) мақаласында Өзбекстан Республикасында мемлекетті құру саясатындағы ерекшеліктерді бұқаралық қойылым арқылы түсіндіруге тырысады. Яғни, билік

«Наурыз» және «Тәуелсіздік» күнін мерекелеуді ұлтты құрастырудың ұтымды тетігі ретінде қолданады. Ғалым тәуелсіз Өзбекстанда жүргізген бақылау және эксперттермен жүргізген сұқбат әдістері көмегімен мәдениетті басқару мен ұсынуда кеңестік әдістердің қолданылатындығын анықтаған [6].

Танымал өзбек әлеуметтанушысы, Лондонның Шығысын және Африканы зерттеу Мектебінің ассоциацияланған ғылыми қызметкері Алишер Ильхамов «Археология узбекской идентичности» (Өзбек бірегейлігінің археологиясы) мақаласында констрктивистік әдіснама тұрғысынан өзбек бірегейлігінің қалыптасуына талдау жасайды. Өзбек бірегейлігінің қалыптасуына Өзбек АССР құрылуын тікелей байланыстыра отыра, Ильхамов: «Жаңа өзбек бірегейлігін жобалау процесінің белсенді қатысушыларының арасында бастапқы кезде үш жақ болды: джадидтер, ұлтшыл-коммунистер, және орталық партиялық-саяси аппарат...» дейді [9]. В.И. Лениннің шешімімен ұлттық мемлекет құру саясатының нәтижесінде алғашқы екеуінің идеялары жүзеге аспағанын айтады. «Шындығында, – дейді Ильхамов – төңкеріске дейінгі статистикаға сүйенсек, өзбектер Хива, Бұқара және Самарқанд облыстарында ғана саны жағынан көпшілікті құраған. Сырдария және Ферғана жерлерінде саны жағынан сарттар доминантты еді. Осы жерде Орталық комитет джадидтердің ұсынысын қолдап, сарттарды өзбек қылып жаздырады» [9, 37 б]. Жаңадан құрылған кеңес үкіметі бұқараға ұлттық сана сезімді тарату үшін ұлттық мәдениет, тіл, ұлттық символдар, тарих және басқалары туралы түсінікті қалыптастырды.

Түрік әлеуметтанушысы Энсар Гөчмез Хатай провинциясындағы Овакент мысалында Ауғанстаннан келген өзбек мигранттардың әлеуметтік-мәдени және діни өміріне әлеуметтанулық талдау жасаған [10].

Айлин Ераслан Антакияда өмір сүретін өзбектердің әлеуметтік интеграциясы туралы зерттеу жүргізген. Оның жүргізген зерттеуінің нәтижелерін «Antakya'da yaşayan özbeklerde sosyal entegrasyon» (Антакыдағы өзбектердің әлеуметтік интеграциясы) мақаласында танысуға болады [11]. Зерттеу сапалық әдіснама құралдары (енгізілген бақылау, жартылай құрылымдалған сұқбат, ауызша тарих) арқылы жүзеге асырылған. Автор мигранттардың бірінші, екінші және үшінші ұрпақтарының жергілікті халықпен қарым-қатынасындағы ерекшеліктерді талдауға алады.

Қазақстандағы өзбек қауымдастығын зерттеу фокусына алған бірнеше жобалар бар. Олардың негізгі мақсаты Қазақстандағы өзбектерді қоса алғанда, түрлі этникалық топтардың қазақстандық қоғамдағы этноәлеуметтік, әлеуметтік-экономикалық, лингвистикалық аспектілері бойынша даму процесін анықтау болып табылады. Соның ішінде «Постсоветтік Қазақстандағы түркі тілдері мен мәдениетінің өзара әрекеті» тақырыбында жүргізілген ауқымды әлеуметтік лингвистикалық зерттеудің халықаралық жобасы [14]. Жоба шеңберінде Қазақстанда шоғырланып қоныстанған түркі тілдес этностық топтар арасында анкеталық сұрау жүргізілген. Анкета сұрақтары өзін сәйкестендіру, төлқұжат бойынша этностық және ұлттық тиесілігі, ұлтаралық некеде ұлтты анықтау, отбасы тарихы, тілді меңгеру және қолдану кеңістігі, мемлекет тарапынан түркі тілдерді қолдауы, білім деңгейі туралы мәліметтерді қамтыған.

Сонымен бірге, «Тарих толқынындағы халық» мемлекеттік тапсырмасы аясында жүргізілген «Ірі этностық топтардың тарихын қоса алғандағы Қазақстан Республикасындағы этносаралық және конфессияаралық қатынастар тарихы» ғылыми жобасын атап өтуге болады. Жоба барысында өзбектердің қоныстану тарихы, мәдени ерекшелігі, этнодемографиялық жағдайы, шаруашылығы назарға алынған [15].

Ұсынылып отырған мақала да Қазақстанды мекендейтін өзбек этникалық қауымдастығын зерттеу қорын толықтырады. «Қазақстандағы өзбек этникалық қауымдастығының әлеуметтік-мәдени интеграциясы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу барысында, этникалық топтарды зерттеуде көп қолданылатын зерттеу әдіснамасын пайдаланамыз. Зерттеу бірнеше әдістердің комбинациясы арқылы жүзеге асырылды.

Соның ішінде, дәлірек айтсақ, жартылай қалыпқа келтірілген сұхбат әдісі (биографиялық әдіс), жасөспірімдер арасындағы анкеталық сұрау және эксперттік сауалнама.

Жартылай қалыпқа келтірілген сұхбат биографиялық зерттеу әдісіндегі ақпаратты жинаудың негізгі құралының бірі. И.Девятко: «кейбір авторлар «өмір тарихы» немесе «жеке жағдай тарихы» («individual case history») терминін ұсынады. Ол өмір тарихын баяндау кезінде, барлық өмірбаянын емес, тек зерттеу мақсатына сәйкес ғалымның сұрағандарына жауап ретінде таңдаулысын, іріктеп сипаттауды білдіреді» дейді [16].

Әлеуметтануда «өмір тарихы» әдісі көбінесе әлеуметтік азшылықты зерттеу үшін қолданылады, сонымен бірге бұл әдістің негізгі артықшылықтары: зерттеу құбылысы туралы «теорияға дейінгі» тиянақты ақпараттарды алу; ақпарат берушінің қолданатын локалды немесе субмәдени тілі, символдары, оған беретін мәні туралы ерекше мәліметтерге ие болу; басқа мәдениет өкілі болып табылатын информанттардың кездейсоқ немесе бағамдамай өмір тарихын, тәжірибесін баяндау барысында қолданған сөздеріне, символдарға, мәдени формаларға терең және жүйелі талдау жасау және т.б.

Анкеталық сұрау әдісін пайдалануымыздағы негізгі мақсат өзбек этникалық қауымдастығының жас ұрпақтары арасында зерттеу жүргізу. Яғни жоғарыда жастар категориясын талдау барысында анықтағанымыздай, кәмелет жасқа толғанша жасөспірім тек отбасындағы құндылықтар жүйесін сіңірген таза әлеуметтік ағза. Сәйкесінше, ата-аналарынан берілген (ересек буын) әлеуметтік, этникалық ұстанымдары өлшеу үшін анкеталық сұрау ұтымды. Анкета көбінесе жабық сұрақтарды ұсынады, яғни жиналатын ақпарат сандық сипатқа ие. Бұл өз кезегінде макродеңгейде өтіп жатқан құбылыстарды түсінуге, соның ішінде әлеуметтік ынтымақтастық феноменін зерттеуге көмектеседі.

Келесі қолданылған әдіс – эксперттік сауалнама. Эксперттер ретінде этносаясат саласын жетік білетін, кәсіби біліктілігіне сәйкес этникалық топтар мәселесімен айналысатын және зерттеуге алынған этникалық топтың ортасынан шыққан, қоршаған ортасының мәселесімен іштей жақын таныс мамандар сұралды [17]. Айта кету керек, бұқаралық сұраудан эксперттік сауалнаманың айырмашылығы эксперт зерттеу объектісі емес, зерттеуге қатысушы тұлға болып табылады. Эксперттік сауалнама әдетте болжам жасау, эксперттік баға алу, дайындық жұмыстарын жүргізу, зерттеу мәселесі туралы нақты мәліметтер алу үшін қажет.

Біз берілген мақалада жастар арасында жүргізген анкеталық сұрау нәтижелерін ұсынамыз. Зерттеуге қатысқан респонденттердің орташа жас шамасы 15-ке тең. Олардың кәмелет жасқа толмағандығын ескере отырып, зерттеу ересек буын өкілдері, яғни ата-аналарының келісімі арқылы 2018-2019 жж. желтоқсан және қаңтар айларында жүргізілді.

Зерттеу территориясы – Шымкент республикалық маңызы бар қаласы. Анкета алынатын деректер топтамасына қарай 5 блоктан тұрды.

Бірінші блок респондент туралы мәліметтерді алуға бағытталған. Екінші блок болашаққа жоспарын білуге арналды. Үшінші блок әлеуметтік белсенділік деңгейін анықтауға арналған. Төртінші блок ата-анасы туралы, яғни олардың білім деңгейі, кәсіби статусы туралы сұрақтардан тұрды. Ал соңғы – бесіншісі блок жасөспірімдердің этникалық бірегейлігін анықтауға арналған сұрақтарды қамтыды.

Жасөспірімдер арасында әлеуметтанулық зерттеу жүргізу үшін ұялық іріктеу әдісі таңдалды. Бұл іріктеу әдісі бізге бір уақыт ішінде бірнеше адамнан сауалнама алу үшін тиімді. Сондықтан ұя ретінде мектеп таңдалды. Өзбек жасөспірімдері ең көп оқитын екі мектепті атап өткіміз келеді. Ол Шымкент қаласындағы Ю.Сареми атындағы №107 және №71 орта мектеп. Осылайша іріктеу көлемі – 215 респондентті құрады.

Зерттеу қорытындысы бойынша алынған эмпириялық мәліметтерді SPSS 21.0 әлеуметтанулық мәліметтерді өңдейтін арнайы бағдарламада өңдеп, талдау жасадық.

Сауалнама 9, 10, 11-сынып оқушылары арасында жүргізілді. Яғни респонденттердің жастық құрамы 14 пен 17 жастағы жасөспірімдерді қамтыды. Сұрауға қатысқандардың

28,5% титулды ұлт өкілдері болса, қалған 71,2% өзбек этносы өкілдерінен тұрады. Мақалада өзбек этносты жасөспірімдерін қарастыратындықтан зерттеу нәтижелерін талдау барысында біз көбінесе солардың жауаптарын фокусқа аламыз.

Жасөспірімдердің болашаққа бағдарын анықтау мақсатында «Сіздің мектеп бітіргеннен кейінгі жоспарыңыз қандай?» деген сұрақ қойдық. Жауап бергендердің 83,1%-ы – оқуды жалғастырамын, жоғары білім алуды жоспарлаймын деді. Сұрақ жартылай жабық болған еді. Ұсынылған жауаптардың ішінен ата-анама көмектесіп, отбасылық бизнесті жалғастырамын деген нұсқаны респонденттердің 5,5%-ы таңдады. Сұралғандардың 2,3%-ы 9-сыныптан кейін білімін колледжде жалғастыруды жоспарлайды және тағы осынша бөлігі шетелге жұмысқа кеткісі келеді. Сонымен қатар, 0,9% отбасын құруды көздейді.

Келесі сұрақта жасөспірімдердің болашақта қандай салада қызмет етуге ниетті екендігі анықталды. Оқушылардың арасында медицина саласы (34,2%) айтарлықтай тартымдылыққа ие болып шықты. Екінші орында педагогика саласы (21%) қызықтырса, үшінші орында техника және инженерия саласына (14,6%) таңдау жасалған. Ал таңдау аз берілген салаларға: ауыл шаруашылығы (0,9) және мәдениет саласы (0,5%) жатады.

Мектеп оқушыларының барлығына дерлік мектепте ұйымдастырылатын іс-шараларға қатысқан ұнайтын болып шықты. Осылай 10 оқушының 8-і жауап берген. Олардың 66,5%-ы пәндік олимпиадаға, ал 35,9% спорттық жарыстарға қатысқан. 16,5% музыкалық өнерлерін көрсетсе, 10,2% ғылыми жобалар конкурсында білімін көрсеткен. Тәрбиелік сипаттағы іс-шараларға қатысу арқылы оқушылардың 14,1%-ы белсенділік танытса, шешендік өнерін сұралғандардың 17,5%-ы шыңдай білген. Оның 9,2%-ы КТК (көңілді тапқырлар клубы) және 8,3%-ы пікір-сайысқа қатысып тұрады. Аталған шаралардың ешбіріне қатыспағандардың үлесін респонденттердің тек 2,9%-ды құрайды.

«Табысты адам болу үшін Қазақстан Республикасында барлық адамдарға мүмкіндіктер бірдей берілген бе?» деген сұраққа барлық респонденттердің басым бөлігі жағымды сипатта жауап берді. Олардың саны 81,6% құрайды. Десек те, қалған 18,4% бұл пікірмен келіспейді, оның 14,5% «дұрысы жоқ» десе, 3,6% мүмкіндіктер бірдей берілмеген деп көрсеткен.

Сонымен бірге анкеталық сұрау барысында оқушылардан бос уақыттарын қалай өткізетіндіктері туралы сұрақ қойылды. Бос уақыт жаһандану дәуірінде тіршілік ететін қоғам үшін бір жағынан мол мүмкіндіктер берсе, екінші жағынан айтарлықтай мәселелік жағдай тудырады. Соның ішінде оқушы жастар сабақтан тыс уақытты қалай өткізеді. Мектеп те, отбасы да тұлғаның қалыптасуы барысында бақылау қызметін атқаратыны белгілі, ал осы бақылау агенттерінің назарынан тыс қалған жеткіншек бос уақытты қандай мазмұнмен толтырады?

Алынған зерттеу мәліметтеріне сәйкес, жасөспірімдер арасында кино көргенді ұнататындардың үлесі ең жоғары болды. Ол 32,7% құрайды. Тағы осымен шамалас (31,3%) бөлігі үй шаруасымен айналысқанды жөн көреді. Үшінші орында физикалық мүмкіндіктерін жетілдіру, яғни салауатты өмір салтын ұстануға бағдарлайтын спорттық үйірмелерге қатысу тұр. 23,5% бос уақытында газет-журналдарды, кітаптарды оқығанды ұнатады. Қалған 13,3% би, музыка үйірмесіне барғанды және компьютерде ойын ойнағанды жөн санайды.

«Басқасы» деген жауап нұсқасында респонденттер бос уақыттарын қалай өткізетіндігі туралы қосымша мәліметтерді белгілеп көрсеткен. Оларды шартты түрде мазмұны жағынан ұқсастарын біріктіру арқылы үш топқа бөлуге болады. Соның ішінде: өзінің білімін жетілдіруге бағытталған істер (қосымша курстарға бару, интернет арқылы семинарға қатысу, ағылшын курсына бару) – 14,4%, күнделікті тұрмыста қажетті дағдыларды үйренуге арналған іс-әрекеттер (тәттілер пісіру, макияж жасау, тігін тігу) – 4,1% және уақытты көңіл көтеруге арнау (достармен араласу, музыка тыңдау, телефонда ойнау) – 4,7% деп бөлеміз.

Өзбек жастары арасында Instagram, ВКонтакте, Wats up ең танымал әлеуметтік желілер болып табылады. Пайдаланушылар саны сәйкесінше 27,5% - 22,3% - 22% құрайды. Шамамен сұрауға қатысқан барлық өзбектердің үштен бір бөлігі әлеуметтік желілерде тіркелмеген болып шықты. Қазақтар арасындағы өз құрдастарымен салыстырғанда бұл екі есеге артық.

Қазіргі таңда кез келген адам қабілеті мен мүмкіндігіне қарай әлемнің кез келген университетінде білімін жалғастыра алады. «Егер Сізде шетелде білім алуға мүмкіндік берілсе, Сіздің шешіміңіз қандай болар еді?» деген сұраққа жартысынан көбі (59,9%) бір ауыздан: «Мен өзімде басқа елде жоғары білім алуды жоспарлап жүрмін» және «егер мүмкіндік болса, оны жіберіп алмауға тырысамын» деп жауап берген. 27,2% ата-анасымен ақылдасып көреді. 9,7% – «тек Қазақстанда жоғары білім алуды ойлаймын» деген нұсқаны таңдаған. Бұл жерде оқушылардың таңдауына мектептің, болмаса ата-анасының беретін ресурстарының қол жетімділігі бөлек зерттеуді талап етеді. «Басқа жауап, жақшаның ішіне жазып көрсетіңіз» деген тұста кейбір оқушылар шетелге барғысы келетіндігін, бірақ білім алу үшін емес, жұмыс істеу мақсатында баратындығы туралы ойларын жеткізген¹.

Төменде оқушылардың білім алуға барғысы келетін елдерін бірнеше типі бойынша топтастыруға тырыстық:

Кесте №1

Алыс шетел	Ислам дінін ұстанатын елдер	Батыс Еуропа елдері және Ресей	Азия елдері	Көршілес ел	Туған жері
АҚШ - 50,3% Канада – 1,2% Австралия – 1,2%	Түркия - 26,3% Дубай - 4,7% Сауд Арабиясы – 0,6%	Англия – 18,1% Ресей – 14,0% Германия – 10,5% Франция – 7,0% Италия – 1,8% Испания – 3,5% Чехия – 0,6% Швейцария – 0,6% Норвегия – 0,6% Финляндия – 0,6%	Қытай – 8,2% Оңтүстік Корея – 8,2% Сингапур – 1,2% Малайзия – 0,6% Индия – 1,2%	Өзбекстан – 1,8%	Қазақстан – 16,4%

Кестеден көріп отырғанымыздай, оқушылардың арасында білім алу үшін тартымдылыққа ие елдер – АҚШ, Түркия, Англия құрайды.

2012-2017 жж. ЕАБР Интеграциялық барометрінің 18-24 жас аралығындағы РФ, Армения, Молдова, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Белоруссия тұрғындарын зерттеу мәліметтері бойынша жастардың арасында соңғы бес жылда білім алуға тартымды елдер қатарына АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция және Ресей кірген. Соның ішінде Қазақстанның жастары арасында Ресейде білім алғысы келетіндер саны артқандығын

¹ Әрине бұл жерде оқушылардың жастық ерекшеліктерін де ойдан шығармау керек. Олар әлі өз бетінше толық шешім қабылдай алмайды. Сонымен бірге шетел олар үшін беймәлім әлем секілді елестеуі де мүмкін. Зерттеу кезінде оқушылардың арасында «біз білмейміз ғой, ондай ойымызға да келмейті» деген сөздер де айтылды. Бірақ осы тұста зерттеуші ретінде оларға, мүмкін армандаған, болашақта барғым келеді деген елдерді тізіп көрсете беруін сұрадық.

көрсеткен. Керісінше, Еуропа елдерін таңдау 2017 жылы азая бастаған. Зерттеу авторлары оның себебін 2014-2015 жылғы жаһанды саясаттағы өзгерістер мен экономикалық дағдарыспен түсіндірген [18]. Осылайша, өзбек жасөспірімдерінің таңдауында АҚШ-тың бірінші кезекке шығуы жалпы трендпен сәйкес келеді.

Тартымды мемлекеттердің екінші үштігін Қазақстан, Ресей, Германия құрайды. Шетелдің қатарында Қазақстанның болуы таңқалдырғаны сөзсіз. Себебі осы сұрақтың алдында фильтр жасаған едік. Бұл сұраққа «Мен өзімде басқа елде жоғары білім алуды жоспарлап жүрмін» және «егер мүмкіндік болса, оны жіберіп алмауға тырысамын» деген жауап нұсқаларын таңдаған респонденттер жауап берген. Алынған нәтижені түсінудің екі жолын қарастырамыз. Мәселе сұрақта қолданылған «ел» түсінігінің этимологиясында болуы мүмкін деген тұспалымыз бар.

Анкеталық сұрақ «Қайсы елге барып оқығанды жөн көресіз?» түрінде құрастырылған. Бірінші түсініктеме: ертеде қазақ тілінде де «ел» сөзі әртүрлі мағынада қолданылған. Кейде өз тұрғылықты жеріне қатысты қолданса, кейде шыққан руына байланысты да айтатын болған. Қазақстандық өзбектер арасында осы ескі қазақи сөздердің сақталуы «қай ел» дегенді басқа жер деген мағынада түсініп, тиісінше жауаптардың арасында Қазақстанның басқа қалаларының аталуына алып келген.

Екінші түсініктеме, саяси дискурста айтыла бермейтін, ирредента түсінігі. Шымкент қаласының айналысындағы өзбектердің шоғырланып өмір сүретін мекендерін ирредента ретінде қабылдап, Қазақстан Республикаларының басқа қалаларын шетел ретінде қарастыру. Біз бірінші тұспалымызға тоқталамыз. Себебі жоғарыда біз талдау барысынан қазақ тілді мектептердің алынып тасталғанын айтқан болатынмыз, айрықша жағдай ретінде қазақтардың арасында да Қазақстанды таңдаған екі оқушының болғандығын айта кетуіміз керек. Яғни «ел» өзбектер мен қазақтар үшін де «жер» мағынасында қарастырылған болуы керек. Сонымен бірге, екі елдің жүздеген жылдар қоян-қолтық өмір сүруі олардың лексикасының бір-бірімен алмасуын куәландырады.

Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, келесі түйіндер жасаймыз. Өзбек жастары арасында білімді жетілдіру болашақтағы басым стратегиялардың бірі екендігі анықталды, жаһандану процесі аталмыш этникалық топ арасындағы дәстүрлі ұстанымдардың өзгеріске ұшырағанын көрсетеді. Сонымен бірге өзектер үшін ауыл шаруашылығымен айналысу негізгі шаруашылық көзі болып келген болса, сұрауға қатысқан оқушылардың берген жауаптарына қарай медицина саласында басымдық беретін кәсіби жіктің орын алуын көруге болады. Сұрау нәтижелері өзбек жасөспірімдердің әлеуметтік-азаматтық белсенділігі деңгейінің жоғары екендігін көрсетті. Және де өзбек этносының өсіп келе жатқан жас ұрпақтары арасында Қазақстанда барлық адамдарға табысты болуы үшін бірдей мүмкіндіктердің берілгендігіне деген сенімі басым.

Өзбек жасөспірімдері бос уақытының көп бөлігін рухани-мәдени білімін жетілдіруге, болмаса күнделікті тұрмыста қажетті дағдыларды үйренуге арнайды. Әлеуметтік желілерде отыру, көңіл көтеруге бос уақытты арнау, гаджеттерде ойын ойнау оларға тән емес. Өсіп келе жатқан өзбек жасөспірімдерінің миграциялық көңіл-күйі тұрақты емес екені анық. Дегенмен егер басқа елге кетуге мүмкіндіктері болса, олардың таңдауы үшін ең тартымды мемлекеттердің үштігін АҚШ, Түркия, Англия құрайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Манхейм К. Диагноз нашего времени. – СПб.: Юристь.- 1994. – 165 с.
2. Бартольд В. В. Еще о слове «сарт» // Бартольд В. В. Сочинения. Т. 2. Ч. 2. – М.: Наука.- 1964.-661 с.
3. Вамбери А. Путешествие по Средней Азии. – М.: Вост. лит.- 2003. -320 с.
4. Allworth E. A. The modern Uzbeks: from the fourteenth century to the present: a cultural history. – Oxford.:

Hoover Press, 2013. – 150 p.

5. Ларюэль М., Мильчиной В. «Этногенез» узбеков как элемент наследия советской науки // *Ab imperio*. – 2005. – № 4. – С. 337-360.

6. Adams L. L. The spectacular state: Culture and national identity in Uzbekistan. – Durham: Duke University Press. – 2010. – 242 p.

7. Kamp M. The new woman in Uzbekistan: Islam, modernity, and unveiling under communism. – WA.: University of Washington Press. – 2006. – 320 p.

8. Абашинов С. Советский кишлак: между колониализмом и модернизацией. – М.: НЛЮ. – 2015. – 848 с.

9. Ильхамов А. Археология узбекской идентичности. // *Этнографическое обозрение*. – 2005 - №1. – С. 25-47.

10. Göçmez e. Afganistan'dan gelen göçmen özbekler'in sosyo-kültürel ve dini hayatları üzerine sosyolojik bir araştırma (hatay ili ovakent beldesi örneği). – Konya: Tez merkezi. – 2008. – 208 s.

11. Eraslan A. Antakya'da yaşayan özbeklerde sosyal entegrasyon // *Hatay tarihi ve kültürü üzerine araştırmalar-1 dr.* – Hatay: Mehmet Tekin Armağani, 2016. – s. 300-328.

12. «Современные узбеки» Эдварда Олварта: Основы узбекской идентичности. Часть 1. [Электрон. ресурс]. – 2019. – URL: <http://caa-network.org/archives/15124> (дата обращения: 15.08.2019).

13. «Современные узбеки» Эдварда Олварта: Основы узбекской идентичности. Часть 2. [Электрон. ресурс]. – 2019. – URL: <http://caa-network.org/archives/17591> (дата обращения: 19.08.2019).

14. Тюркские этносы Казахстана: социолингвистические исследования [Электрон. ресурс]. – 2016. – URL: <http://www.tyurki.weebly.com/> (дата обращения: 19.08.2019).

15. Артықбаев Ж. Қазақстан өзбектері. – Астана: InDesign studio. – 2016. – 260 б.

16. Девятко И. Ф. Методы социологического исследования. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та. – 1998. – 208 с.

17. Ядов В. А. Стратегии и методы качественного анализа данных // *Социология: методология, методы, математическое моделирование (4М)*. – 1991. – № 1. – С. 14-31.

18. Постсоветское притяжение. Интеграционные настроения ближнего зарубежья. [Электрон. ресурс]. – 2016. – URL: <https://iq.hse.ru/news/272496626.html> (дата обращения: 20.08.2019).

Н.О. Байгабылов, А. Б. Мусабаева

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Узбеки Казахстана: социологическое исследование узбекской молодежи

Аннотация. Автор в данной статье попытается ответить на следующие вопросы: Каковы ориентации на будущее у узбекской молодежи? Каков уровень социальной активности? Свойственны ли ей миграционные настроения? По результатам исследования автор отмечает, что процесс модернизации также повлиял на традиционный уклад жизни узбекских общин. Социологический анализ ценностных ориентаций и настроений молодежи опирается на теоретические работы в области социологии молодежи К. Мангейма. Также дается обзор литературы по исследованиям узбеков в социологическом и историческом аспектах.

Основным методом сбора информации был анкетный опрос. Анкетный опрос проводился в школах, где обучаются узбекские школьники. Полученные данные дополняют данные глубинного интервью, проведенного среди взрослого поколения узбеков Казахстана. Для проведения опроса среди учащейся молодежи были получены разрешения со стороны родителей/законных представителей. Таким образом, настоящее исследование соответствует требованиям этики исследователя.

Ключевые слова: молодежь, узбекская молодежь, миграционные настроения, ориентация на будущее, социальная активность.

N.O. Baigabylov, A.B. Mussabayeva

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Uzbeks of Kazakhstan: sociological research on Uzbek youth

Abstract. The author in this article will try to answer the following questions: What are the future orientations of the Uzbek youth? What is the level of social activity? What is their migratory mood? According to the results of the study, the author notes that the modernization process also influenced the traditional way of life of the Uzbek communities. The sociological analysis of youth is based on theoretical work in the field of youth sociology K. Mannheim. A literature review of Uzbek studies in sociological and historical aspects is also provided.

The main method of collecting information was a questionnaire survey. The questionnaire was conducted in schools where Uzbek students study. The data obtained complement the data of an in-depth interview conducted among the adult generation of Uzbeks in Kazakhstan. To conduct a survey among students, permits were obtained from their parents / legal representatives. Thus, this study complies with the ethics of the researcher.

Keywords: youth, Uzbek youth, migration moods, future orientation, social activity

References

1. Manhejm K. *Diagnoz nashego vremeni [Diagnosis of our time]* (Yurist, SPb, 1994, 165 p.).
2. Bartol'd V. V. *Eshche o slove «sart» [More about the word “sart”]*, Bartol'd V.V Sochineniya [Works]. Volume. 2. Part 2 (Nauka, Moscow, 1964, 661 p.).
3. Vamberi A. *Puteshestvie po Srednej Azii [Travel to Central Asia]* (Vostochnaja literatura, Moscow, 2003. -320 p.).
4. Allworth E. A. *The modern Uzbeks: from the fourteenth century to the present: a cultural history* (Hoover Press, Oxford, 2013, 150 p.).
5. Laryuel' M., Mil'chinox V. «Etnogenez» uzbekov kak element naslediya sovetskoj nauki [Ethnogenesis of Uzbeks as an Element of the Heritage of Soviet Science], *Ab imperio*, 4, 337-360 (2005).
6. Adams L. L. *The spectacular state: Culture and national identity in Uzbekistan* (Duke University Press, Durham, 2010, 242 p.).
7. Kamp M. *The new woman in Uzbekistan: Islam, modernity, and unveiling under communism.* (University of Washington Press, WA, 2006, 320 p.).
8. Abashin S. *Sovetskij kishlak: mezhdru kolonializmom i modernizaciej [Soviet village: between colonialism and modernization]* (Moscow, NLO, 2015, 848 p.).
9. Il'hamov A. *Arheologiya uzbekskoj identichnosti [Archeology of Uzbek identity]*, *Etnograficheskoe obozrenie [Ethnographic review]*, 1, 25-47 (2005).
10. Göçmez E. *Afganistan'dan gelen göçmen özbekler'in sosyo-kültürel ve dini hayatları üzerine sosyolojik bir araştırma (hatay ili ovakent beldesi örneği)* (Tez merkezi, Konya, 2008, 208 s.).
11. Eraslan A. *Antakya'da yaşayan özbeklerde sosyal entegrasyon //Hatay tarihi ve kültürü üzerine araştırmalar-1dr.* (Mehmet Tekin Armağani, Hatay, 2016, s. 300-328).
12. «Sovremennye uzbeki» Edvarda Olvarta: *Osnovy uzbekskoj identichnosti “Modern Uzbeks” by Edward Olvart: Fundamentals of Uzbek Identity. Part 1.* [Electronic resource]. – 2019. Available at: <http://caa-network.org/archives/15124> (Accessed: 15.08.2019).
13. «Sovremennye uzbeki» Edvarda Olvarta: *Osnovy uzbekskoj identichnosti “Modern Uzbeks” by Edward Olvart: Fundamentals of Uzbek Identity. Part 2.* [Electronic resource]. – 2019. Available at: <http://caa-network.org/archives/17591> (Accessed: 19.08.2019).
14. *Tyurkskie etnosy Kazahstana: sociolingvisticheskie issledovaniya [Turkic ethnic groups of Kazakhstan: sociolinguistic studies]* [Electronic resource].- 2016.-Available at: <http://www.tyurki.weebly.com/> (Accessed: 19.08.2019).
15. Artykbaev Zh. *Kazakstan ozbekteri* (InDesign studio, Astana, 2016, 260 p.).

16. Devyatko I. F. *Metody sociologicheskogo issledovaniya* [Methods of sociological research]. Ekaterinburg, Publishing House Ural. University, 1998, 208 p.).
17. Yadov V. A. *Strategii i metody kachestvennogo analiza dannyh* [Strategies and methods of qualitative data analysis (4M)], *Sociologiya: metodologiya, metody, matematicheskoe modelirovanie* [Sociology: methodology, methods, mathematical modeling (4M)], 1, 14-31 (1991).
18. *Postsovetskoe prityazhenie. Integracionnyye nastroeniya blizhnego zarubezh'ya* [Post-Soviet attraction. Integration mood of the near abroad] [Electronic resource].-2016.- URL: <https://iq.hse.ru/news/272496626.html> (Accessed: 20.08.2019)

Авторлар туралы мәлімет:

Байгабылов Н.О. – PhD, Әлеуметтану кафедрасының доценті м.а., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көшесі, 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Мұсабаева А.Б. – Әлеуметтану кафедрасының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көшесі, 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Baigabylov N.O. – PhD, Associate Professor of the Department of Sociology, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev street, 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Mussabayeva A.B. – PhD student of the Department of Sociology, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev street, 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.